

**"Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер"
әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды бекіту туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 138-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 мамырда № 9398 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 423 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 08.12.2017 № 423 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 16-бабының 25) тармақшасына, " Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және " Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер " әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілсін.

2. Халықты жұмыспен қамту департаменті:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ
 Қазақстан Республикасы
 Статистика агенттігінің төрағасы
 _____ Ә. Смайылов
 2014 жылғы 2 сәуір

Қазақстан Республикасы
 Еңбек және халықты әлеуметтік
 қорғау министрінің
 2014 жылғы 1 сәуірдегі
 № 138-ө бұйрығына
 қосымша

Нысан

Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер Есепті кезең 20 ____ жылдың ____ айы

Индексі: 1-жұмыстан босату

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынушылар: Қызметкерлерді жұмыстан босатуды жоспарлап отырған кәсіпорындар

Мәліметтер өңірлік жұмыспен қамту органдарына ұсынылады

Ұсыну мерзімі: есепті айдың 1-күніне

жолдың шифры	жұмыстан босатылатын қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (қызметкердің келісімімен)	жұмыстан босатылатын қызметкердің туған күні, айы, жылы	жұмыстан босату жоспарланып отырған қызметкердің жынысы	білім деңгейі	кәсібі (кәсібі (қызметкердің білімі туралы құжат бойынша мамандығы)	қазіргі жұмыс орны бойынша кәсібі (лауазымы)		кәсібі бойынша жұмыс өтілі	жұм боса қызм білік
						Мемлекеттік кәсіптер сыныптаушы бойынша коды	кәсібінің атауы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Барлығы _____ адам

Нақты жұмыстан босатылған қызметкерлер (жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен) _____ адам

Кәсіпорындағы қызметкерлердің тізімдік саны (тізімдерді ұсынған күнге) _____ адам

Қызметкерлерді жұмыстан болжамды босатудың себебі (кәсіпорынның таратылуы, жұмыс беруші қызметінің тоқтатылуы, қызметкерлер санының немесе штатының қысқартылуы) _____

МО күні 20 __ жылғы " ____ " _____

Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) қолы

Орындаушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) қолы

Телефоны _____

Экономикалық қызметтің жалпы сыныптаушы бойынша экономика

саласы (қызмет түрі) _____

Кәсіпорын, мекеме, ұйым _____

Мекенжайы _____

ЖСН/БСН _____

Ескертпе:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме.

"Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуымен не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуымен, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруымен байланысты "Алдағы уақытта жұмыстан босатылатын қызметкерлер туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін, жұмыстан босатылатын қызметкерлердің лауазымдары мен кәсіптерін, мамандықтарын, біліктіліктерін және еңбекақы мөлшерін және олар жұмыстан босатылатын мерзімдерді көрсете отырып, жұмыстан босату басталғанға дейін кемінде екі ай бұрын жұмыс беруші қызметкерлердің саны мен санаттары туралы деректерді ұсынады.

2. Көрсеткіштер ағымдағы айдың 1-күніндегі нақты деректер бойынша қалыптастырылады.

3. Мәліметтерге бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

2. Мәліметтерді толтыру бойынша түсіндірмелер

4. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

5. 2-бағанда жұмыстан босатылатын қызметкердің (қызметкердің келісімімен) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

6. 3-бағанда жұмыстан босатылатын қызметкердің туған күні, айы, жылы (кк.аа.жж.) көрсетіледі.

7. 4-бағанда жұмыстан болжамды босатылатын қызметкердің жынысы көрсетіледі.

8. 5-бағанда қызметкердің білім деңгейі көрсетіледі.

9. 6-бағанда қызметкердің кәсібі (білімі туралы құжат бойынша мамандығы) көрсетіледі.

10. 7-бағанда қызметкердің Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша кәсіптің коды көрсетіледі.

11. 8-бағанда қызметкердің Мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы бойынша кәсіптің атауы көрсетіледі.

12. 9-бағанда кәсібі бойынша жұмыс өтілі көрсетіледі.

13. 10-бағанда қызметкердің біліктілігі көрсетіледі.

14. 11-бағанда жұмыстан босатылатын қызметкердің қысқартылатын лауазымы бойынша еңбекақы мөлшері (теңгемен) көрсетіледі.

15. 12-бағанда жұмыстан босатудың күтілетін күні көрсетіледі.